

том, какое место она занимает в мужской и женской выборках: женщины ближайшие жизненные цели гораздо активнее связывают с семейными задачами, чем студенты-мужчины.

Анализируя полученные данные, можно сказать, что, несмотря на все изменения, потрясения, которые сопровождают трансформацию семьи в современном обществе, семья как социальный институт в Республике Беларусь устояла и её ценность признается значительной частью студенческой молодежи. Вместе с тем, видится целесообразность повышения психологической культуры молодежи в области семьи, семейных отношений. Современный молодой человек, по-нашему мнению, нуждается в практической подготовке к семейной жизни, получении необходимых компетенций по вопросам закономерностей семейных отношений, факторов семейного благополучия, взаимоотношений разных поколений в семье. При разработке содержания образовательных стандартов и учебных планов всех специальностей высшего образования следует определить возможности включения в них учебной дисциплины, которая решала бы обозначенные выше вопросы.

Список используемой литературы:

1. Абрамова, Г. С. Возрастная психология: учеб. пособие / Г. С. Абрамова. – М.: Академия: Раритет, 1997. – 702 с.
2. Ананьев, Б. Г. Человек как предмет познания / Б. Г. Ананьев. – Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1968. – 339 с.
3. Бороздина, Л. В. Самооценка в первой зрелости / Л. В. Бороздина, О. Н. Молчанова // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 14, Психология. – 1990. – № 2. – С. 24–38.
4. Волченков, В. С. Переживание смысла жизни в ранней зрелости / В. С. Волченков, В. И. Слепкова // Психология смысла жизни: методологические, теоретические и прикладные проблемы: сб. науч. ст. / Гродн. гос. ун-т; науч. ред.: В. Э. Чудновский, К. В. Карпинский. – Гродно, 2014. – С. 193–211.
5. Кон, И. С. Психология ранней юности: кн. для учителя / И. С. Кон. – М.: Просвещение, 1989. – 255 с.
6. Крайг, Г. Психология развития: пер. с англ. / Г. Крайг. – 7-е междунар. изд. – СПб.: Питер, 2000. – 987 с.
7. Моргун, В. Ф. Проблема периодизации развития личности в психологии: учеб. пособие / В. Ф. Моргун, Н. Ю. Ткачева. – М.: Изд-во Моск. гос. ун-та, 1981. – 81 с.
8. Мухина, В. С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество: учебник / В.С.Мухина. – 5-е изд., стер. – М.: Academia, 2000. – 452 с.
9. Нюттен, Ж. Мотивация, действие и перспектива будущего: учеб. пособие / Ж. Нюттен; под ред. Д.А.Леонтьева. – М.: Смысл, 2004. – 608 с.
10. Пиняева, С. Е. Личностное и профессиональное развитие в период зрелости / С.Е.Пиняева, Н.В.Андреев // Вопр. психологии. – 1998. – № 2. – С. 3–10.
11. Якобсон П.М. Психологические компоненты и критерии становления зрелой личности / П.М.Якобсон // Психол. журн. – 1981. – Т. 2, № 4. – С. 141–150.

ӘОЖ 378.1

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҚТАРЫ

Әмірова Б.Ә.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Соңғы жылдары инновациялық технологиялар заманында әлемде орын алып отырған білім беру жүйелерінің барлығында дерлік, білім беру сапасын қадағалау ісі тестілеу арқылы жүзеге асады. Осы тестілеу процесі оқушының білім деңгейін шынайы көрсете ала ма және тапсырманы орындау кезінде интеллектуалдық қорының деңгейін ашатын индикатор болуы мүмкін бе деген сұрақ кімді болса да мазалайды. Адамның өмір бойы жинаған ақыл есі, ойлау қабілеті, интеллектуальдік деңгейі, жоғары деңгейде жүретін психикалық процестердің жиынтығы мидың сергектігі, белсенділігімен тығыз байланысты. Ақпаратты тез қабылдап, тез өңдеп, тез арада жауап беру мүмкіншіліктері, әрине мидың нейродинамикалық, пластикалық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Жүйке жүйесі неғұрлым шапшаң, ширақ жұмыс істейтін адамның жазбаша немесе ауызша жауап беруі де жылдам болып келеді. Көптеген тестілеу амалдарында кейде жылдамдық, кейде сабырлық, байсалдық қатар жүреді.

Психикалық процестер мидың жұмыс істеу принциптерімен тығыз байланысты, яғни, біздің жағдайымызда, оқушы тұлғаның танымдық іс-әрекетінің дамуында маңызы зор.

2019-22 жылғы халықтың жаппай Пандемия науқасына ұшырауы, **COVID-19 дағдарысы** адамдардың қарым-қатынасты басқаша ұйымдастыруға мәжбүр етті. XX ғасырдың соңында жаңаша көзқараста дүниеге келген «жасанды интеллект» мәселесі **білім беруде**, өз күшіне ене бастады. **«Бір жаманның – жақсылығы» бар дегендей, оқыту процесін басқаша тәсілдермен жүзеге асыруға әкелді. Яғни, адамдардың өз мүмкіндіктерін сезінуге, өзін –өзі тануға әкелді.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың I қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында нифрландырудың стратегиялық маңыздылығын атап өтіп, ақпараттық технологияларды енгізу арқылы IT секторында жанды интеллект (AI) технологиялары бойынша жетекші ел болу міндетін алға қойған [1].

Осыған орай, «Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар», «Жасанды интеллектті орта білім беру жүйесіне интеграциялау», «Ауыл мектептерінде оқыту үдерісін нифрландыру», «Цифрлық мектеп – нифрлық мұғалім», «Мұғалімдердің нифрлық құзыреттілігін дамыту», «Цифрландыру жағдайындағы инклюзивті білім беру», «Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы нифрландыру», «Біртұтас тәрбие және қосымша білім синергиясы», «Цифрландыру жағдайындағы білім беру мазмұнына тұрақты даму компонентін интеграциялау», т.с.с. тақырыптары бойынша секциялық отырыстар өтілуде.

Жасанды интеллектті оқу процесінде қолданудың негізгі мақсаты – әрбір баланың AI саласында заманауи білім алуға және дамуға мүмкіндік беру.

Оқыту процесінде жасанды интеллектті қолдану қазіргі жаңа талпыныстағы балалардың танымдық қызығушылығын, ойлау қабілетін, өз ойын жүйелеу қабілетін, қиялдау процестерін дамытуға мүмкіндік береді. Ең бастысы жасөспірімдердің оқуға, білімге деген құштарлығын арттырып, эмоционалдық-мотивациялық өрісін молайтады.

Үстіміздегі жылдың 29 сәуірінде, Саран қаласында облыстық білім беру департаментінің басшылығымен «Отбасылық тәрбие және ұлттық құндылықтар» деген тақырыпта облыстық деңгейде оқу –әдістемелік семинар өтті. Сондағы балалардың жасанды инттекті әдістерімен өз қолдарымен жасалған керемет туындыларды тамашаладық. Қазақ домбырасының өздігінен күй ойнауы, кемтар балалардың мультфильмдер құрастыруы, математикалық есептерді сөйлетуі т.с.с. оқушылардың ой еңбектерінің нәтижелері көрсетілді. Ең бізді таңғалдырғаны - мүмкіндігі шектеулі балалардың өз қолдарымен құрастырған мультфильмдері мен қиып құрастырған заттарын бізге көрсетулеріндегі эмоционалдық-мотивациялық жай –күйлері, қызығушылықтары, өзін-өзі бағалау деңгейлерінің жоғарылау сәттерін байқадық. Яғни, оқыту процесінде осындай әдістемелік технологияларды қолдану, олардың ойлау процестерінің дамуына үлкен әсер етендігі аңғарылды. Балалардың орталық жүйке жүйелерінің іске қосылуына орай, моторикалық, перифериялық дене мүшелерінің де қызметін жоғарылауына үлкен себін тигізетіндігі байқалды. Яғни, оқытуда жасанды интеллект пен нифрлық технологияларды қолдану білім алушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға қабілетін, ең алдымен кезкелген ақпараттарға тең қолжетімділікті кеңейтеді.

Сонымен қатар, жасанды интеллект оқыту процесі кезінде тапсырмаларды орындау нәтижелерін талдауға, оқушылардың білім алу қарсаңындағы дағды, шеберлік және жалпы материалдарды меңгеру деңгейін анықтап, тексерін, дер кезінде оларды шешу жолдарын ұйымдастыруға бағыттайды.

Қазіргі кездегі оқушылардың оқулықтан, кітаптан алшақтау жағдайы басым болып тұрған кезде, осы «жасанды интеллектінің» адамзат өміріне келуі мезгілді ме, әлде әлі де психологиялық, ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан ойланатын тұстары да баршылық. Себебі, оқушылардың, студенттердің ақпаратты қабылдаулары тікелей, ойланбай, ой елегінен өткізбей оның негізін анықтамай қабылдаулары, яғни жаттанды, қысқа мерзімді есте сақтау механизмінің нәтижелерін аңғаруға болады. Сол себепті көптеген ғалымдар өз зерттеулерінде көрсеткендей, білім беру процесінде жасанды интеллектті жаппай қолданудың тиімді, тиімсіз жақтарын да қарастыру қажеттігі туады. Мұндағы ең үлкен қиындық көптеген аймақтарды техникалық жабдықтану жетіспейді.

Ендеше, жасанды интеллекттің жетістіктерімен қатар, ойландыратын тұстан да ескеру қажет. Олар: оқыту процесіндегі теңсіздіктің болуы, яғни барлық оқушылар, студенттер ақпараттық технологияға қол жеткізе алмайды;

Оқушылар мен ұстаздар арасындағы тікелей байланыс, өзара әрекеттесу жоғалады; әр адамның интеллектуалдық меншік, құпиялылық сапасы төмендейді, өзбетінше жұмыс сапасы төмендейді; оқушылардың үй тапсырмасын орындаулары, жоғарыда айтылғандай, ойлау іс-әрекетінсіз, автоматты түрде орындалуы; дайындайын материалдардың жоғары бағамен бағаланып, бизнеске айналуы; ақпараттық технологиялық жабдықтануы оқушыларда бірдей болмағандықтан, оқушылардың өзін-өзі

бағалауы төмендеп суицидке (күрбымда бар менде жоқ т.с.с) ұшырауы. Сонымен қоса, замануи психологиялық мәселенің бірі «жасанды интеллект» кесірінен ақпараттық технологияға тәуелділіктің өсуіне әкеліп, кейбір танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, ойлау қабілетін төмендетін, қажетті мәселелерді өзбетінше шешуі мүмкіндігін төмендетеді. Осы жасанды интеллектінің адам өміріндегі алатын орны мен оқу процесінде қолданудың оң, теріс жақтарын айта келіп, бір-екі сөз оның ақпараттық технологияда пайда болуын сөз етейік.

Негізінен, «жасанды интеллект» кезінде ғалым А.Тьюринг машина ойлай ала дегенді анықтайтын арнайы өлшем-белгі (критерий) ұсынғануының негізінде пайда болды дей аламыз. Ол осы белгі-өлшемге сәйкес егер сарапшы кең ауқымдағы мәселелер жөнінде диалог жүргізгенде машина жауаптарын ойшыл, парасатты адамнан айыра алмайтындай болса, машина ойлай алады деп тұжырымдады.

Осыған орай, «жасанды интеллект» идеялары адамның жұмысын жеңілдетуге арналған электр-механикалық құрылғылар-интеллекті роботтар жұмысы негізіне салынған. Жасанды интеллект программалары көбіне PROLOG, LISP немесе Smalltalk программалау тілдерінде жасалып, ең алғашқы программалардың бірін жиырмасыншы ғасырдың 50-жылдары А.Ньюэлл, Дж.Шоу және Г.Сайм жасады. Ол бірыңғай тәсілмен бір-біріне ұқсамайтын интегралдар есебі, логикалық бас қатырғышты шешу, теоремаларды дәлелдеу, сөз тіркестерін гамматикалық талдау жасауға қабілеттігі екендігі анықталды [2].

Оқыту процесіндегі бұл жаңа әдістемелік тәсілдің тиімді және керісінше жақтарын түбегейлі зерттеуді талап етеді.

Сонымен, зерттеушілер жасанды интеллектіні оқыту және жұмыс барысында қолдануда үлкен сақтықты талап етеді деп көрсетеді. Себебі жасанды интеллектіні ұйымдастырып отырған адам болғандықтан, адам факторы ұмытылмауы керек. Басқаша болған жағдайда тұлғаның «Мен» концепциясы жоғалуы мүмкін қаупі бар. Әрине, ғылым мен техниканың дамуындағы адамның ойлау қабілетінің өрістеу жемісін де жоққа шығара алмаймыз. Бұлар бірін-бірі толықтырып отыруға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.gov.kz › details>
2. <https://www.unicraft.org › blog › ai-v-obuchenii>

ӘОЖ 378.147

БОЛАШАҚ ТӘРБИЕШІ-ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ

Бахтиярова Г.Р., Арыстанова Ж.Қ.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде болашақ тәрбиеші-педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Кәсіби тұрғыдан алғанда этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыру үдерісі – ұлттық құндылықтарды құрайтын рухани-тарихи мұралар мен салт-дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі тетігі болып табылады. Бүгінгі этнопедагогика ғылым саласы халықтық педагогиканың озық тәжірибелері мен білімдерін жүйелеп, оларды педагогика заңдылықтары негізінде қазіргі заманғы оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдануға жол ашады.

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыру – олардың кәсіби даярлығының ажырамас бөлігі. Бұл үрдіс студенттердің ұлттық негіздегі кәсіби болмысы мен этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастырып, тәжірибеде мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие жүйесінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен арнайы іс-шараларда халық педагогикасы құндылықтары мен дәстүрлі тәрбиенің әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалануға машықтандырып, іскерліктерін жетілдіреді.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының «Білім жүйесі» аталатын екінші бөлімінде «білім беру жүйесінің басты міндеттері: Қазақстан Республикасына шын берілген, адал патриот азамат даярлау, ...олар мемлекеттік белгілердің мәні мен маңызын терең түсінген, халықтық дәстүрлерді қастерлейтін, ...халықтар достығының негізінде тәрбиеленген, халық, Отан, отбасы